

## **Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің 2009 жылғы 1 ақпандағы ағымдағы жағдайы**

2009 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша республикамызда 14 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – қорлар) жұмыс істейді. 2009 жылғы қаңтар айында зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қызметтеріне берілетін лицензия заңды тұлғаларға берілген жоқ.

13 заңды тұлғаның қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензиясы болды, оның ішінде 9 қор зейнетақы активтерін дербес басқару лицензиясына ие.

Есепті күнге 11 екінші деңгейдегі банк кастодиан қызметін жүзеге асырды. Сонымен қатар, қорларға кастодиандық қызмет көрсетуді мынадай 7 екінші деңгейдегі банк жүзеге асырды: «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «ТұранӘлем Банкі» АҚ-ның еншілес банкі «Темірбанк» АҚ, «Еуразиялық Банк» АҚ, «АТФБанк» АҚ, «Ситибанк Қазақстан» АҚ.

### **Қорлардың салымшылары (алушылары)**

2009 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 9 610 859 болды, жинақталған зейнетақы қаражаттарының жалпы сомасы 1 434,1 млрд. теңге болды. 2009 жылғы қаңтар айында міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар шоттарының саны 2 253-ке (- 0,02 %-ға) азайды.

2009 жылғы 1 ақпанда міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының едәуір бөлігі 4 қорға жинақталды: «МЖЗҚ» - 25,15 %, «Қазақстан Халық Банкі» - 21,95 %, «ҰларҮміт» – 14,20 % және «БТА Қазақстан» - 10,51 % немесе олардың үлесіне барлық қорлар салымшыларының жалпы санының 71,81 %-ы келеді. 2009 жылғы қаңтар айында 4 қордың үлесі осының алдындағы есепті аймен салыстырғанда 0,1 пайыздық тармаққа төмендеді.

2009 жылғы 1 ақпанда ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны жалпы сомасы 926,3 млн. теңге болатын жинақталған зейнетақы қаражатымен бірге 41 738 болды. 2009 жылғы қаңтар айында ерікті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар (алушылар) шоттарының саны 239-ға (0,58 %-ға) артты.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттарының саны 2009 жылғы қаңтар айында 1-ге (-0,02 %-ға) азайып, 2009 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша жалпы сомасы 62,2 млн. теңге жинақталған зейнетақы қаражатымен 4 029 болды.

### **Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты**

2009 жылғы 1 ақпанда салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты 1 439,1 млрд. теңге болды немесе 2009 жылғы 1 қаңтармен салыстырғанда 18,6 млрд. теңгеге (1,31 %-ға) көбейді. 2008 жылғы 1 ақпанмен салыстырғанда жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 217,7 млрд. теңгеге (17,82 %-ға) өсті.

Зейнетақы жарналарының жалпы түсімі ағымдағы жылдың қаңтар айында 20,6 млрд. теңгеге (1,74 %-ға) өсе отырып, 2009 жылғы 1 ақпанда 1 205,3 млрд. теңге болды. Зейнетақы жарналарының орташа ай сайынғы түсімі 2007 жылғы 1 ақпаннан бастап 2008 жылғы 1 ақпанға дейінгі кезеңде 19,31 млрд.теңге, өткен жылы (1.02.2008 ж. бастап 1.02.2009 ж. дейін) зейнетақы жарналарының орташа ай сайынғы түсімі 22,89 млрд.теңге болды немесе 18,54 %-ға өсті.

Салымшылар мен алушылардың шоттарына есептелген зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен «таза» инвестициялық кіріс сомасы (комиссиялық

сыйақыларды алып тастағанда) 2009 жылғы қаңтар айында 1,7 млрд. теңгеге (0,55 %-ға) өсіп, 2009 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 308,7 млрд. теңге болды. 2008 жылғы 1 ақпанмен салыстырғанда «таза» инвестициялық кіріс сомасы 28,8 млрд.теңгеге (-8,53 %-ға) кеміді.

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатының көлемі өткен жыл ішінде мынандай көрсеткіштермен сипатталды:

Күні	1.02.08	1.02.09	Өсім/төмендеу сомасы	Өсім/төмендеу қарқыны (%-бен)
Жинақталған зейнетақы қаражатының сомасы	1 221,4	1 439,1	217,7	17,82
Зейнетақы жарналары	930,6	1 205,3	274,7	29,52
«Таза» инвестициялық кіріс	337,5	308,7	- 28,8	- 8,53
Жинақталған зейнетақы қаражатының сомасындағы «таза» инвестициялық кірістің үлесі	27,63	21,45	-	6,18 пайыздық тармаққа (төмендеу)


Келтірілген кестеден көрініп тұрғандай, 2008 жылғы 1 ақпаннан бастап 2009 жылғы 1 ақпанға дейінгі кезеңде жинақталған зейнетақы қаражатының өсім сомасы 217,7 млрд. теңге болды немесе жинақталған зейнетақы қаражатының орташа ай сайынғы өсімі 2007 жылғы 1 ақпаннан бастап 2008 жылғы 1 ақпанға дейінгі кезеңде 24,2 млрд. теңге бола отырып немесе 25,21 %-ға төмендеп, 18,1 млрд.теңге болды.

Жинақтаушы зейнетақы қорларына шоғырланған салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты өсімінің төмендеуі зейнетақы активтерін инвестициялаудан түсетін инвестициялық кірістің азаюына байланысты болды.

Әлемдік қаржы дағдарысы жағдайларында зейнетақы активтерін инвестициялаудан түсетін инвестициялық кірістің азаюы зейнетақы активтері инвестицияланған негізгі отандық және шетелдік эмитенттердің қаржы құралдарына берілетін биржалық бағаларының төмендеуіне негізделді.

2009 жылғы 1 ақпанда жинақталған зейнетақы қаражатының мейлінше көп сомасын 4 қор иеленді: «Қазақстан Халық Банкі» - 406,0 млрд. теңге (28,21 %), «МЖЗҚ» – 244,5 млрд. теңге (16,99 %), «ҰларҮміт» - 208,8 млрд.теңге (14,51 %) және «БТА Қазақстан» - 183,7 млрд.теңге (12,76 %) барлық қорлардың жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы көлемінен немесе жиынтығынан осы 4 қорға барлық жинақталған зейнетақы қаражатының 72,47 %-ы келді. Бір жыл ішінде (1.02.2008 ж. бастап 1.02.2009 ж. дейін) үлес мөлшері 1,45 пайыздық тармаққа төмендеді.

### Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және жинақталған зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы (млрд. теңгемен)



2009 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 9,5 млрд. теңге болған немесе 2008 жылғы 1 ақпанмен салыстырғанда 2,0 млрд. теңгеге (26,67 %-ға) өсуіне байланысты міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы ұстамағаны не аударым жасамағаны және жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға ауыстырғаны үшін өсімпұл сомасы күннен күнге артып отыр.

2009 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша қорлардан сақтандыру ұйымдарына аударым жасалатын аударымдар мен зейнетақы төлемдері 96,1 млрд. теңге болды немесе 2009 жылғы 1 қаңтармен салыстырғанда 4,0 млрд.теңгеге (4,34 %-ға) өсті. 2008 жылғы 1 ақпаннан бастап 2009 жылғы 1 ақпанға дейінгі кезеңде қорлар алушыларға жалпы сомасы 30,2 млрд. теңге зейнетақы төлемдерін жүзеге асырды, бұл 2007 жылғы 1 ақпаннан бастап 2008 жылғы 1 ақпанға дейінгі кезеңде жүзеге асырылған 16,1 млрд. теңге зейнетақы төлемдерінен 1,9 есеге артық.

Алушылардың жинақталған зейнетақы қаражатын зейнетақы аннуитеті шартына сәйкес сақтандыру ұйымдарына аударым жасалуын 2009 жылғы қаңтар айында жалпы сомасы 38,5 млн. теңге мөлшерінде 26 алушы жүзеге асырды. Сақтандыру ұйымдарына зейнетақы аннуитеті шартына сәйкес алушылардың аударым жасалған жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 2009 жылғы 1 ақпанда 480,9 млн. теңгені құрады.

Агенттік сайтында жинақтаушы зейнетақы жүйесі жөніндегі ақпараттарды орналастыру, сондай-ақ қорлардың бұқаралық ақпарат құралдарында өз ақпараттарын жариялауы салымшыларға (алушыларға) қорды дербес таңдауға және жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аударым жасау бойынша зейнетақы заңнамасымен берілген құқығын пайдалануларына мүмкіндік береді.


2009 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аударым жасау 2009 жылғы қаңтар айында 8,0 млрд. теңгеге (2,46 %-ға) өсіп, 333,1 млрд. теңге болды. 2008 жылғы 1 ақпанмен салыстырғанда жинақталған зейнетақы қаражатының аударымдары 117,1 млрд.теңгеге немесе 54,21 %-ға көбейді.

### Қорлардың зейнетақы активтерінің құрылымы

2009 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-ның инвестициялық басқаруында болған зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 2009 жылғы қаңтар айы ішінде 18,0 млрд. теңгеге немесе 1,27 %-ға өсіп, 1 430,9 млрд. теңге болды.

2008 жылғы 1 ақпаннан бастап 2009 жылғы 1 ақпанға дейінгі кезеңде зейнетақы активтерінің орташа айлық өсуі 17,4 млрд. теңгені құрады.

### Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы



### Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемін бөлу

ЗАИБЖАҰ /ООИУПА	зейнетақы активтері	
	млн. теңге	млн. теңге
<b>ЖЗҚ/НПФ</b>		
«Қазақстан Халық Банкінің» АҚ еншілес ұйымы «Қазақстан Халық Банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	406 386	28,40
"МЖЗҚ" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	244 095	17,06
"Жетісу" ЗАИБЖАҰ" АҚ	223 121	15,59
"ҰларҮміт" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	201 547	14,09
"Қорғау" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	21 574	1,51
«ТұранӘлем Банк» АҚ еншілес ұйымы «БТА Қазақстан жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	183 613	12,83
"GRANTUM Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ («Казкоммерцбанк» АҚ еншілес ұйымы)	83 302	5,82
«ГРАНТУМ» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ («Казкоммерцбанк» АҚ еншілес ұйымы)	83 302	5,82
«Капитал» ЖЗҚ» АҚ - «Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы	55 026	3,85
"Еуразиялық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ ("Еуразиялық Банк" АҚ ЕҰ)	46 539	3,25
"Отан" ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ («АТФ Банк» АҚ ЕҰ)	42 262	2,95
"Мұнайгаз - ДЕМ" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	39 263	2,75
"Нұр-Траст" ЗАИБЖАҰ" АҚ, "Нұрбанк" АҚ еншілес ұйымы	36 199	2,53
"Атамекен" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ «Нұрбанк» АҚ еншілес ұйымы	36 199	2,53
"АМАНАТ ҚАЗАҚСТАН ЖЗҚ" АҚ	31 526	2,20
"Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	28 758	2,01
"RESMI Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	10 845	0,76
"Жинақтаушы зейнетақы "РЕСПУБЛИКА" АҚ	10 845	0,76
<b>Барлық ЖЗҚ бойынша барлығы</b>	<b>1 430 935</b>	<b>100</b>

2009 жылғы 1 ақпанда инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап 4,9 млрд. теңгеге немесе 0,35 %-ға өсе отырып, 1 383,2 млрд. теңге болды.

### ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	1.02.2009ж.	
	млн. теңге	%
<b>ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде</b>	<b>379 942</b>	<b>27,47</b>
ҚР еурооблигациялары	0	0
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	344 656	24,92
Ұлттық Банктің ноттары	35 286	2,55
<b>Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары</b>	<b>134 878</b>	<b>9,75</b>
акциялар	33 286	2,41
облигациялар	101 592	7,34
<b>Шетелдік инвестициялық қорлардың пайлары</b>	<b>0</b>	<b>0</b>
<b>Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары</b>	<b>0</b>	<b>0</b>
<b>Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары</b>	<b>99 538</b>	<b>7,19</b>
<b>Тазартылған алтын</b>	<b>0</b>	<b>0</b>
<b>ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде</b>	<b>654 536</b>	<b>47,32</b>
акциялар	147 360	10,65
облигациялар оның ішінде:	507 176	36,66
шетел валютасында номинирленген	46 029	3,33
теңгеде номинирленген	461 147	33,34

Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	116 485	8,42
Туынды бағалы қағаздар	-2 098	-0,15
<b>Жиынтығы</b>	<b>1 383 281</b>	<b>100</b>

Келтірілген деректерден көрініп отырғандай, инвестициялық портфельдегі мейлінше көп үлес жалпы үлесі 77,79 %-ды құраған Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары мен мемлекеттік бағалы қағаздар үлесіне тиіп отыр.

### Қорлардың номиналды кірісінің коэффициенті туралы мәліметтер

2009 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері бойынша номиналды кірісінің орташа мөлшерленген коэффициенті мынадай болды:

- 2004 жылғы қаңтар – 2009 жылғы қаңтар кезеңінде – 37,27 %. Номиналды кірістің түзетілген орташа мөлшерленген коэффициенті – 30,82 % (осыған ұқсас кезеңдегі инфляцияның жинақталған деңгейі – 61,03 %);

- 2006 жылғы қаңтар – 2009 жылғы қаңтар кезеңінде – 21,63 % (осыған ұқсас кезеңдегі инфляцияның жинақталған деңгейі – 39,99 %);


- 2008 жылғы қаңтар – 2009 жылғы қаңтар кезеңінде – (-1,41) % (осыған ұқсас кезеңдегі инфляцияның жинақталған деңгейі – 8,70 %).

Жинақтаушы зейнетақы қорларының номиналды кірісі коэффициентінің өзгеруі осының алдындағы аймен салыстырғанда ағымдағы жылдың 1 ақпанында мынадай көрініске ие болды:

- 60 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті бойынша 0,66 пайыздық тармаққа ұлғайды;

- 36 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті бойынша 1,16 пайыздық тармаққа төмендеді;

- 12 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті бойынша 0,57 пайыздық тармаққа төмендеді.



### Қорлардың қаржылық жағдайы

2009 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша қорлардың жиынтық капиталы 47,9 млрд. теңге болды, оның ішінде жарғылық капиталы 35,9 млрд. теңге немесе жиынтық капиталдың жалпы көлемінің 74,95 %-ы болды. 2009 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша активтердің жалпы сомасы қорлар бойынша 65,3 млрд. теңгені құрады немесе

2009 жылғы 1 қаңтармен салыстырғанда активтер сомасы 0,9 млрд.теңгеге (1,40 %-ға) өсті.

2009 жылғы қаңтар айында 14 қордың 4-і жалпы сомасы 1,0 млрд. теңге пайда алды (табыс салығын төлеген соң) және 10 қор («АМАНАТ ҚАЗАҚСТАН», «Атамекен», «МЖЗҚ», «Қазақстан Халық Банкі», «МұнайГаз-Дем», «Еуразиялық», «Қорғау», «ГРАНТУМ», «Отан» және «Республика») жалпы сомасы 1,4 млрд. теңге шығынға жол берді. Жалпы алғанда қорлар бойынша 2009 жылғы қаңтар айында жалпы сомасы 0,4 млрд.теңге шығын шықты.

2009 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша қорлардың меншікті активтері есебінен болатын қаржылық инвестициялары 51,5 млрд. теңге немесе қорлардың жиынтық активтерінің 78,87 %-ы болды.

Қорлардың меншікті активтерінің 54,78 %-ы мемлекеттік бағалы қағаздарға, 30,53 %-ы Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына, 0,19 %-ы халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарына, 1,26 %-ы «Кері РЕПО» операцияларына инвестицияланды, ал инвестицияларының жалпы көлемінен 5,62 %-ы екінші деңгейдегі банктердегі салымдарға, 7,57 %-ы шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына, сондай-ақ 0,05 %-ы инвестициялық қорлардың пайларына орналастырылды.

### Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролі

Экономикадағы зейнетақы секторының ролін сипаттайтын қатысты көрсеткіштердің динамикасы	1.01.05	1.01.06	1.01.07	1.01.08	1.01.09	1.02.09
ЖІӨ млрд.теңге (Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің деректері бойынша)	5 870,1	7 453,0	10 139,5	12 849,8	15 907,0 (болжам)	16 724,1 (болжам)
Жинақталған зейнетақы қаражаттарының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	8,24	8,70	8,97	9,40	8,96	8,61
Зейнетақы жарналарының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	6,48	6,88	6,74	7,10	7,47	7,21
«Таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	1,95	2,08	2,52	2,64	1,94	1,85
Қорлардың жиынтық капиталының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,14	0,16	0,20	0,23	0,30	0,29